**Батыс Қазақстан облысы**
**Казталов ауданы**
**"Нұрхан"ЖК**
**Балбобек жеке бөбекжайы.**

Бекітемін:

«Балбөбек» жеке бөбекжайының директоры: ИП "Нұрхан" А.А Төлеуғалиев

# Аралас «Күншуақ» ерте жас-кіші тобының 2024-2025 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспары

**2024–2025 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**
**Аралас «Күншуақ» ерте жас- кіші топ**

**Мақсаты:** Ата-аналар мен тәрбиешілердің өзара ынтымақтастығын арттыру, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті қалыптастыру және тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде бірлескен жұмысты тиімді ұйымдастыру.

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | №1 ата-аналар жиналысы<br>Баяндама: «Баланың бөбекжайға жеңіл бейімделуі».<br>«Бірге басталған оқу жылы – жарқын болашақ кепілі».<br>Оқу жоспарымен, күн тәртібімен, жылдық жоспармен таныстыру.<br>Ата-аналар комитетін сайлау. | Қыркүйек | Топ тәрбиешілері |
| 2 | Кеңес: «Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру».<br>Әңгіме: «Күз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау».<br>Ашық есік күні. | Қазан | Топ тәрбиешілері<br>Медбике |
| 3 | Сайыс: «Әжемнің ақылы – таусылмас азық».<br>Шеберлік сағаты: «Үй жағдайындағы дамытушы ойындар». | Қараша | Топ тәрбиешілері |
| 4 | №2 ата-аналар жиналысы<br>«Отбасындағы тәрбие – бала бақытының бастауы».<br>Жаңа жылға дайындық.<br>Қауіпсіздік туралы баяндама. | Желтоқсан | Топ тәрбиешілері<br>Медбике |
| 5 | Кеңес: ««Баланың қауіпсіздігі – басты назарда»».<br>Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет. | Қаңтар | Топ тәрбиешілері |
| 6 | Тренинг: «Бақытты отбасы – бақытты бала». Сауалнама. | Ақпан | Топ тәрбиешілері |
| 7 | №3 ата-аналар жиналысы<br>«Ұлттық тәрбие – ұрпаққа аманат».<br>Дөңгелек үстел<br>Наурыз мерекесіне дайындық. | Наурыз | Топ тәрбиешілері |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Тәжірибелер жасау. «Әкеммен бірге ғарышқа саяхат». Ашық есік күні. Сенбілік. | Сәуір | Топ тәрбиешілері |
| 9 | №4 ата-аналар жиналысы<br>«Жаз – денсаулық пен демалыс мезгілі».<br>Оқу – тәрбие жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктер. Әңгіме<br>Жылдық қорытынды.<br>Жазғы қауіпсіздік. | Мамыр | Топ тәрбиешілері<br>Медбике |



Scanned with CamScanner

2(екі) бет нөмірленіп, баумен тігілді, мөрленді

«Нұрхан» ЖК жетекшісі: А.А.Төлеуғалиев

ИП "Нұрха

Scanned with CamScanner

«Балбөбек» жеке бөбекжайы

# Ата-аналар жиналысының хаттамалары аралас «Күншуақ» тобы

2024-2025 оқу жылы

Scanned with CamScanner

№1. Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Өткізілген күні: 10.09.24ж.
Өткізілген орны: „Балбөбек" жеке бөбекжайы.
Жас тобы: „Құлыншақ" аралас ерте жас
кіші тобы.
Жиналысқа қатысушылар саны: 16
Жиналыс тақырыбы: „Баланың бөбекжайға
жеңіл бейімделуі.

Күн тәртібі:
1. „Баланың бөбекжайға жеңіл бейімделуі"
тақырыбындағы баяндама.
2. 2024-2025 оқу жылына оқу-тәрбие жос-
парымен таныстыру.
3. Ата-аналар комитетін сайлау.
4. Әр түрлі мәселелер.

Барысы:
Тәрбиеші Мусадиева А. ата-аналарды
жаңа оқу жылының басталуымен



Scanned with CamScanner

құттықтап, баланың бөбекжайға бейімделу кезеңінің ерекшеліктері туралы баяндама жасады. Бейімделу кезеңінде балалардың эмоционалдық жағдайы әртүрлі болатыны, кейбір балалардың алғашқы күндері ата-анасынан ажырауда қиналуы, тәбеті мен ұйқысының уақытша өзгеруі қалыпты құбылыс екені түсіндірілді.

2. Тәрбиеші Есетова Б. 2024-2025 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарымен таныстырды. Жоспарға сәйкес балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметтері, шығармашылық, танымдық, тіл дамыту, дене шынықтыру, музыка сабақтары, мерекелік іс-шаралар мен ертеңліктер туралы толық ақпарат берді. Сондай-ақ ата-аналарға бөбекжайдың ішкі тәртібі, балаларды қабылдау және шығарып алу уақыты қауіпсіздік талаптары, сақталмауы-

Scanned with CamScanner

гигиеналық ережелер және ата-аналар-мен жүргізілетін бірлескен жұмыстар түсіндірілді.

3. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша ата-аналар комитетінің жаңа құрамы сайланды. Ашық дауыс беру нәтижесінде төмендегі ата-аналар комитет мүшелері болып сайланды.

Комитет төрағасы: Нектісова Ж.

Комитет мүшелері: Тілеубалова Ақгүл, Қадырова Асылзада. Раушова А.

Комитет мүшелеріне жоспарлы мәдени-сауықтық іс-шараларды ұйымдастыруға, ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы байланысты нығайтуға және тәрбиелік жұмыстарға қолдау көрсету міндеттері жүктелді.

Әртүрлі мәселелер бөлімінде ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға 2

жауап берілді. Балалардың киімдерінің таңбалануы, ауыстыратын киімнің таза болуы, (мо) мерекелік шараларға қатысу және балалардың қауіпсіздігі мәселелері талқыланды. Ата-аналар бөбекжай ұжымымен тығыз қарым-қатынаста болып, барлық талаптарды сақтауға дайын екендіктерін білдірді.

Қаулы:

1. Балалардың бөбекжайға тез бейімделуіне ата-аналар мен тәрбиешілер бірлесіп қолайлы жағдай жасасын.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары бірауыздан мақұлданып басшылыққа алынсын.
3. Сайланған ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін.
4. Балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне қатысты бөбекжай талапт

ды сақталсын.
5. Ата-аналар бөбекжай өткізетін іс-шараларға белсенді қатысып, тәрбиешілермен тұрақты байланыста болсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: [signature] Жетпісова. Ж.

Хатшы: [signature] Мұхаметжанова Г.



Scanned with CamScanner

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Өткізген күні: 13.12.2024ж.
Өткізілген орны: „Балбөбек" жеке бөбекжайы.
Жас тобы: Аралас „Күншуақ" ерте жас кіші т
Жиналысқа қатысқандар саны: 17.
Жиналыс тақырыбы: „Отбасындағы тәрбие- бала бақытының бастауы"

Күн тәртібі.

1. „Отбасындағы тәрбие - бала бақытының баст тақырыбындағы баяндама.
2. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жұмыс тарын талқылау.
3. Балалардың қауіпсіздігі туралы баяна
4. Әр түрлі мәселелер.

Барысы:

1 мәселе бойынша:
Тәрбиеші Есетова Ботагөз „Отбасындағы тә

бала бақшасының "Бастауыш" тәжірибесінде баяндама жасап, отбасы тәрбиесінің баланың тұлға болып қалыптасуындағы маңызына тоқталды. Баланың бойына адамгершілік, еңбекқорлығы, үлкенді сыйлау, жауапкершілік сияқты қасиеттердің ең алдымен отбасында қалыптасатыны айтылды. Сонымен қатар ата-аналардың балаға жылы қарым-қатынас танытып, қолдап, күнделікті уақыт бөліп сөйлесуі, бірлескен ойындар мен тәрбиелік іс-шаралардың бала дамуына әсер ететінін түсіндірілді.
Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, бала тәрбиесінде бөбекжай мен отбасының бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті.
мекеме бойынша.
Тәрбиеші Есетова Ботагөз Жаңа жыл мерекесіне дайындық жоспарын таныстырды.

Ертеңгіліктің өткізілетін күні, балалардың өнер көрсетуі, тақпақтары мен әндері, мерекелік безендіру жұмыстары туралы ақпарат берілді. Балалардың мерекелік көңіл күйін қалыптастыру мақсатында ата-аналардың белсенді қатысуы сұралды. Сонымен қатар балалардың мерекелік киімдерін уақытында дайындау, сөйлемдерді тардың үйлестіру және топ бөлмесін безендіру жұмыстарына ата-аналар комитетінің қатысуы ұсынылды.

Екі мәселе бойынша:

Тәрбиеші Мусаева Айтолқын қыс мезгіліндегі балалардың қауіпсіздігі туралы баяндама жасады. Ата-аналарға жол қозғалысы ережелерін сақтау, балаларды қараусыз қалдырмау, жұқа мұздың үстіне шығармау, және электр құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарын түсіндірді.

Scanned with CamScanner

Сондай-ақ мереке күндері балалардың денсаулығына көңіл бөліп, ауа райына сәйкес киіндіру, бөгде адамдармен сөйлеспеу, төтенше жағдайларда үлкендердің көмегіне жүгіну қажеттігі айтылды.

4-мәселе бойынша:

Әртүрлі мәселелер бойынша балалардың тазалығы, бөбекжай тәртібін сақтау және ата-аналардың ұсыныстары талқыланды. Барлық сұрақтарға тиісті жауаптар берілді.

Қаулы:

Отбасындағы тәрбиені нығайту мақсатында ата-аналар балаларына көбірек уақыт бөліп, бөбекжаймен тығыз байланыста жұмыс жүргізсін.

Жаңа жыл мерекесіне дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын, ата-аналар белсенді қатыссын.

Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында



Scanned with CamScanner

ата-аналар қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтасын.

4. Бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту жұмыстарын жалғастырсын.

Ата-аналар комитетінің төрағасы: [signature]
Кемпісова Ж.

Хатшы: [signature] Мұханжалиева Б.

Scanned with CamScanner

## №3. Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Өткізген күні: 11.03.2025ж.

Өткізген орны: „Балбөбек" жеке бөбекжайы.

Жас тобы: Аралас „Күншуақ" ерте жас кіші топ

Жиналысқа қатысқандар саны: 15

Өткізу формасы: Дөңгелек үстел.

Жиналыс тақырыбы: „Ұлттық тәрбие - ұрпаққа аманат"

### Күн тәртібі.

- „Ұлттық тәрбие - ұрпаққа аманат" тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.
- Наурыз мерекесін ұйымдастыру және өткізуге дайындық.
- Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері.
- Әртүрлі мәселелер.

### Барысы:

Мусаева Алтынай ұлттық тәрбиенің 6

бала бойына адамгершілік, сыйластық, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор бағ-салт-дәстүрді дәріптеу сияқты қасиеттерді қалыптастырудағы маңыздылығына тоқталды. Ата-аналар өз ойларын ортаға салып, ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесінде кеңінен қолданудың қажеттігін атап өтті.

2. Наурыз мерекесіне дайындық жоспары талқыланды. Мерекелік безендіру, ұлттық киім кию, ұлттық ойындар ұйымдастыру, ән мен би, көрме және дастарқан әзірлеу мәселелері талқыланды. Ата-аналарға мерекені өткізуге қатысты міндеттер бөлінді.

3. Ата-аналар балалардың ұлттық салт-дәстүрге қызығушылығын арттыру мақсатында бірлескен іс-шараларды жиі өткізуді ұсынды.

Scanned with CamScanner

Қаулы:

1. "Ұлттық тәрбие - ұрпаққа аманат" тақырыбындағы дөңгелек үстелдің ұсыныстары жұмыс барысында басшылыққа алынсын.

2. Наурыз мерекесіне дайындық жоспары бекітілсін.

3. Ата-аналар мерекелік іс-шараны ұйымдастыруға белсенді қатыссын.

4. Балаларды ұлттық құндылықтарға баулуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

Ата-аналар комитетінің төрағасы: [signature] Жетпісова Ұ.

Хатшы: [signature] Мұханамеева Р.

№4 Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Өткізген күні: 19.05.2025ж.

Өткізген орны: „Балбөбек" жеке бөбекжайы.

Жас тобы: Аралас „Күншуақ" ерте жас кіші

Жиналысқа қатысқандар саны: 18

Жиналыс тақырыбы: „Жаз - денсаулық пен демалыс мезгілі".

Күн тәртібі:

1. „Жаз - денсаулық пен демалыс мезгілі" тақырыбында әңгіме.
2. Оқу-тәрбие жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктер туралы есеп.
3. 2024-2025 оқу жылының жылдық қорытындысы.
4. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі.
5. Әртүрлі мәселелер.

Scanned with CamScanner

Барысы:

1. Бестова Ботагөз жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу, күн тәртібін сақтау және дене белсенділігінің маңыздылығы туралы айтты. Ата-аналарға жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

2. Тәрбиеші Мусаева А. оқу жылы бойында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін таныстырды. Балалардың білім, тіл дамыту, шығармашылық және танымдық қабілеттеріндегі жетістіктері атап өтті. Сонымен қатар кейбір балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту, тәртіп сақтау және өздігінен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру қажеттілігі айтылды.

Оқу жылының қорытындысы шығарылып

балалардың жетістіктері мен белсенділігі жоғары бағаланды. Ата-аналарға бірлескен жұмыстары үшін алғыс білдіріліп, келесі оқу жылында да ынтымақтастықты жалғастыру ұсынылды.

4. Естова Б. жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда:

1. су айдындарында ересектердің қарауынсыз болмау;
2. жол қозғалысы ережелерін сақтау;
3. күннің ыстық уақытында ұзақ жүрмеу
4. өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
5. бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста сақ болу;
6. үйде және ойын алаңдарында қауіпсіздік талаптарын орындау.

Scanned with CamScanner

қаулы;
1. Балалардың жазғы демалысын денсаулығына пайдалы әрі мазмұнды ұйымдастыру ұсынылсын.

2. Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Балалардың оқу-тәрбие жетістіктерін дамыту жұмыстары келесі оқу жылында жалғастырылсын.
Ата-аналарға жазғы демалыс кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне ерекше жауапкершілікпен қарау тапсырылсын.
Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту жалғастырылсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Жетписова Ғ.

Хатшы: Муханғалиева Г.



Scanned with CamScanner

МЕРЫ ДЛИ

1 сантиметр (см) =
1 дециметр (дм)
1 метр (м) =
1 метр (м) = 1(
1 километр (км

МЕР

1 грамм (г) = 1 00
1 килограмм (кг)
1 центнер (ц) = 1
1 тонна (т) = 1 0

2 x 1 =
2 x 2 =
2 x 3 =
2 x 4 =
2 x 5 =
2 x 6 =
2 x 7 =
2 x 8 =
2 x 9 =
2 x 10 =

6 x 1 =
6 x 2 =
6 x 3 =
6 x 4 =
6 x 5 =
6 x 6 =
6 x 7 =
6 x 8 =
6 x 9 =
6 x 10 =

ЖШС "Век
Тел./факс
ТОО "Век
Тел./факс

Оқушы да
12 парақ
Артикул 2(
Өндіруші:
Шымкент
Аңжиек ке
Шығарыл

12 (он екі) бет нөмірленіп, баумен тігілді, мөрленді

«Нұрхан» ЖК жетекшісі: А.А.Төлеуғалиев

ИП "Нұрхан"

Казталов ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК «Балбобек» жеке бөбекжайы

# Ата-аналарға кеңес

## Тақырыбы:

# «Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру»

Тәрбиешілер: А.Н.Мусаднева

Б.Б.Еестова

2024-2025 оқу жылы

Scanned with CamScanner

# Кеңес: «Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру»

**Құрметті ата-аналар!**

Баланың денсаулығы, көңіл күйі және дұрыс дамуы оның күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Белгілі бір тәртіппен өмір сүрген бала өзін жайлы сезінеді, уақытты дұрыс пайдалануға үйренеді және пайдалы әдеттер қалыптастырады.

Баланың күн тәртібі оның жас ерекшелігіне сай құрылуы қажет. Күн сайын ұйқы, тамақтану, ойын, оқу және демалыс уақыты тұрақты болғаны дұрыс.

**Баланың күн тәртібін ұйымдастыруға арналған негізгі кеңестер:**

**1. Ұйқы уақытын сақтау**
Мектепке дейінгі жастағы балаға жеткілікті ұйқы өте қажет. Баланы күн сайын бір уақытта ұйықтатып, бір уақытта оятуға тырысыңыз. Ұйқы алдында тыныш ойындар ойнап, ертегі оқып беру пайдалы.

**2. Дұрыс тамақтануды қалыптастыру**
Баланың тамағы әртүрлі әрі пайдалы болуы керек. Тамақтану уақытын тұрақты сақтап, көкөніс, жеміс-жидек, сүт өнімдері мен пайдалы тағамдарды жиі ұсынған жөн.

**3. Таза ауада серуендеу**
Күнделікті таза ауада серуендеу баланың денсаулығын нығайтып, иммунитетін көтереді. Қимылды ойындар баланың дене дамуына оң әсер етеді.

**4. Ойын мен шығармашылыққа уақыт бөлу**
Ойын – баланың негізгі әрекеті. Ойын арқылы бала ойлау қабілетін, сөйлеуін, қиялын және қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Сурет салу, мүсіндеу, кітап оқу сияқты шығармашылық жұмыстарға да уақыт бөлген дұрыс.

**5. Телефон мен теледидар уақытын шектеу**
Гаджеттерді ұзақ қолдану баланың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Оның орнына белсенді ойындарға, әңгімелесуге және бірге уақыт өткізуге көңіл бөлген жөн.

**6. Баланы өз-өзіне қызмет етуге үйрету**
Киімін жинау, ойыншықтарын орнына қою, жеке тазалық ережелерін сақтау сияқты қарапайым дағдылар баланың жауапкершілігін арттырады.

**Құрметті ата-аналар!**

Баланың күн тәртібі қатаң талап емес, оның дені сау әрі үйлесімді дамуына көмектесетін дұрыс бағыт болуы керек. Ең бастысы – ата-ана баласына үлгі болып, күн сайын мейірім мен қолдау көрсетуі қажет.

Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі – баланың денсаулығының, жақсы көңіл күйінің және болашақ жетістіктерінің негізі.

**Балаңыздың әр күні қуанышқа толы болсын!**

Scanned with CamScanner









Scanned with CamScanner

*Казталов ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайы*

Тақырыбы:

# *«Әжемнің ақылы – таусылмас азық»*

**Тәрбиешілер: А.Н.Мусадиева**

**Б.Б.Есетова**

**2024-2025 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: «Әжемнің ақылы — таусылмас азық»
Форматы: «Мақал — сөздің мәйегі» сайысы.
Диспут: «Мақал-мәтелдерді бүгінгі бала түсіне ме?». Диспут барысында мақалдардың мағынасын заманауи мысалдармен түсіндіру және баланың сөздік қорын байыту жолдары талқыланады.
Диспут тақырыптары (Пікірталас тудыратын сұрақтар)
Диспуттар көбінесе әжелер мен ата-аналардың немесе тәрбиешілердің арасындағы көзқарастарды салыстыруға арналады.
«Телефон ба, әлде ертегі ме?»
Диспут сұрағы: «Қазіргі бала телефоннан мультфильм көргенді ұнатады. Әженің тірі дауысымен айтылған ертегіге балалардың қызығушылығын қалай қайтарамыз?»
Талқылау бағыты: Телефон тек көз алдау, ал ертегі баланың қиялын дамытып, тілін байытады.
«Қонақ күтудегі жаңашылдық»
Диспут сұрағы: «Қонақты мейрамханада күткен ыңғайлы ма, әлде үйге шақырып, дастарқан жайған дұрыс па?»
Талқылау бағыты: Үйдегі дастарқан — отбасылық құндылықтар мен үлкенді сыйлау әдебін үйретудің негізгі орны.
3. Әңгімеге арналған мысалдар (Әжелердің монологы)
Бұл әңгімелерді әжелер балаларға өздері айтып бере алады.
«Менің сандығымдағы қазына»
Әңгіме: Әже сандығынан ескі орамалын немесе тоқымасын алып шығып: «Бұл затты мен сендердің аталарыңмен танысқанда алған едім. Ол кездері біз еңбекке өте жақын болдық. Мына өрнектің әрбір ілмегінде өз еңбегім мен сабырлығым жатыр», — деп баяндайды.
«Бесік жырының құпиясы»
Әңгіме: «Балалар, мен сендердің әкелеріңді бесікке салғанда әрқашан мына әуенді айтатынмын. Бұл әуен баланы жаман ойлардан тазартады, оған тыныш ұйқы сыйлайды», — деп өзінің бала күнгі естеліктерімен бөліседі.
«Жақсының аты өлмейді»
Әңгіме: Әже өз әкесінің немесе анасының өнегелі ісі туралы әңгімелей отырып, балаларды үлкендерді сыйлауға, ізетті болуға шақырады.
Бұл сұрақтар мен тақырыптар балабақшадағы «Әжелер мектебі» үйірмесінің кездесулерін мағыналы әрі қызықты етуге көмектеседі.

Scanned with CamScanner







Scanned with
CamScanner

***Казталов ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайы***

Тақырыбы:

# ***«Баланың қауіпсіздігі – басты назарда»***

**Тәрбиешілер: А.Н.Мусадиева**

**Б.Б.Есетова**

**2024-2025 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

**Тақырыбы: «Баланың қауіпсіздігі – басты назарда»**

**Мақсаты:** Ата-аналарға мектеп жасына дейінгі баланың үйде, көшеде және интернетте қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын арттыру.

**Өткізу түрі:** Кеңес

**Қатысушылар:** Бөбекжай тәрбиеленушілерінің ата-аналары, тәрбиешілер

## Кеңестің барысы

### I. Кіріспе бөлім (5 минут)

- Ата-аналармен амандасу.
- Кеңестің мақсаты мен міндетін таныстыру.
- «Баланың қауіпсіздігі – әрбір ересектің басты міндеті» тақырыбында қысқаша әңгіме.

### II. Негізгі бөлім (15–20 минут)

**1. Үйдегі қауіпсіздік**

- Электр құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау.
- Дәрі-дәрмек пен тұрмыстық химиялық заттарды арнайы жабылатын орында сақтау.
- Терезелерге қауіпсіздік құлыптарын орнату.
- Өткір, сынғыш заттарды бала қолы жетпейтін жерге қою.
- Газ және электр құралдарын қараусыз қалдырмау.

**2. Көшедегі қауіпсіздік**

- Жолдан тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы өтуге үйрету
- Бағдаршам белгілерін таныстыру.
- Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу және бірге кетпеу керектігін түсіндіру.
- Баланы көшеде ересектердің қарауынсыз қалдырмау.

**3. Интернеттегі қауіпсіздік**

- Экран алдында өткізетін уақытты жас ерекшелігіне сай шектеу.
- Баланың тек жасына лайық мультфильмдер мен ойындарды пайдалануын қадағалау.
- Смартфон мен планшетті ата-ананың бақылауымен қолдандыру.
- Жеке мәліметтерді ешкімге бермеу керектігін түсіндіру.

### III. Пікір алмасу (10 минут)

Талқылау сұрақтары:

- Үйде бала қауіпсіздігі үшін қандай шаралар қолданасыз?
- Балаңызға жолда жүру ережелерін қалай үйретесіз?
- Баланың телефон немесе планшет қолдануына қандай талап қоясыз?

### IV. Ата-аналарға ұсыныстар

- Баламен қауіпсіздік ережелерін күнделікті қайталап отыру.
- Қауіпсіздікке байланысты жағдаяттарды ойын арқылы түсіндіру.

Scanned with CamScanner

- Баланы әрдайым бақылауда ұстау.
- Өз әрекетіңізбен қауіпсіз мінез-құлықтың үлгісін көрсету.
- Төтенше жағдайларда хабарласатын телефон нөмірлерін бірге жаттау.

### V. Қорытынды (5 минут)

- Кеңесті қорытындылау.
- Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.
- Баланың қауіпсіздігі – отбасы мен бөбекжайдың ортақ жауапкершілігі екенін атап өту.

### Күтілетін нәтиже

- Ата-аналар мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын біледі.
- Үйде, көшеде және интернетте қауіпсіздік ережелерін тиімді қолданады.
- Отбасы мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастық нығаяды.
- Балалардың қауіпсіз ортада өсіп-дамуына жағдай жасалады.







Scanned with CamScanner

*Казталов ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайы*

Тақырыбы:

# *«Әкеммен бірге ғарышқа саяхат»*

**Тәрбиешілер: А.Н.Мусадиева**

**Б.Б.Есетова**

**2024-2025 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

**Тақырыбы: «Әкеммен бірге ғарышқа саяхат»**

Форматы: Эксперемент жасап көрсету (Ғылыми-шығармашылық сағат)

Қатысушылар: Бөбекжай тәрбиеленушілері мен олардың әкелері.

I. Мақсаты мен мазмұны

Ғарышкерлер күніне орай қолжетімді заттардан зымыран макетін жасау немесе қарапайым қызықты тәжірибелер (эксперименттер) жасап көрсету: Әкелер мен балалардың бірлескен шығармашылық жұмысы арқылы ғарыш әлеміне танымдық саяхат ұйымдастыру.

Қолжетімді, тұрмыстық материалдарды пайдалана отырып зымыран құрастыру және қарапайым физикалық-химиялық эксперименттер арқылы балалардың ғылымға, зерттеушілікке деген қызығушылығын ояту. Әке мен бала арасындағы ынтымақтастықты, бір-біріне деген сенімділікті арттыру.

II. Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар

Макет жасау үшін: Пластикалық бөтелкелер, картон қағаздар, фольга, түрлі-түсті скотчтар, қайшы, желім.

Тәжірибелер (эксперименттер) үшін: Ас содасы, сірке суы (уксус), лимон қышқылы, су, әуе шарлары (шарик), құйғыш (воронка).

Безендіру: Жұлдызды аспан бейнеленген слайдтар, ғарыш туындылары, космостық әуендер мен зымыранның ұшу дыбысының аудиожазбасы.

III. Іс-шараның барысы

1. Кіріспе бөлім (Ғарыш айлағына шақыру)

Ұйымдастыру: Әкелер мен балалар залға «ғарышкерлер» секілді саппен кіреді.

Жүргізушінің сөзі: «Армысыздар, құрметті асқар таудай әкелер мен болашақ ғарышкерлер! Бүгінгі біздің „Әкеммен бірге саяхат" атты шарамыз ерекше өтпек. Біз жер бетінде ғана емес, жұлдызды аспанға, ғарыш әлеміне саяхат жасаймыз. Олай болса, әкелеріміздің көмегімен өз зымыранымызды жасап, ғылыми зертханамызды ашайық!»

2. Негізгі бөлім: STEM-зертхана

I кезең: «Қолдан зымыран құрастыру» (Конструкторлық шеберхана)

Барысы: Әкелер мен балалар алдын ала дайындалған үстелдерге жайғасады.

Тапсырма: Қолжетімді заттардан (пластикалық бөтелкені негіз етіп алып) зымыранның макетін жасайды. Әкесі бөтелкеге картоннан қанаттарын қиып, бекітеді, ал баласы оны фольгамен қаптап, түрлі-түсті маркерлермен немесе жұлдызшалармен безендіреді.

II кезең: «Сиқырлы зымыран» (Қарапайым қызықты тәжірибелер)

Әкелер балаларымен бірге зымыранды қалай іске қосуға болатынын эксперимент арқылы көрсетеді.

1-тәжірибе: «Шар-зымыран» (Реактивті қозғалыс)

Барысы: Жіпке кішкене шырын түтігін (трубочка) өткізіп, жіпті бөлменің екі шетіне керіп байлайды. Шарды үрлеп, аузын байламай түтікшеге скотчпен жабыстырады. Бала шардың аузын жібергенде, шар зымыран құсап жіптің бойымен ұша жөнеледі.

2-тәжірибе: «Жанартаулық іске қосу» (Химиялық реакция)

Барысы: Әкесінің қатаң бақылауымен пластикалық бөтелкенің ішіне су мен сірке суы құйылады. Ал баласы құйғыштың көмегімен шардың ішіне ас содасын салады. Шарды бөтелкенің аузына кигізіп, содан ішіне төккенде, газ бөлініп, шар өздігінен үрленеді. Жүргізуші бұл газдың зымыранды жоғары итеретін күшке ұқсайтынын түсіндіреді.

3. Қорытынды бөлім (Зымырандар шеруі)

Scanned with CamScanner

«Кері санақ» сәті: Барлық балалар өз әкелерімен бірге жасаған зымыран макеттерін қолдарына алып ортаға шығады. Экраннан нағыз зымыранның ұшу сәті көрсетіліп, дыбысы қосылады. Барлығы бірге: «5, 4, 3, 2, 1... Жол тарттық!» деп зымырандарын жоғары көтереді.
Марапаттау: Ғарышкерлер күніне орай белсене қатысқан барлық әкелер мен балаларға «Болашақ зерттеуші», «Шебер конструктор», «Ұшқыш-ғарышкер» атты арнайы дипломдар мен төсбелгілер табысталады.




Scanned with CamScanner